

Жу. КТД.

Акциялар шығару анықтамалығын
Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі 2004 жылғы 13 қыркүйекте
тіркеген

«ҚазТрансОйл» АҚ акциялар шығару анықтамалығына
№12 өзгеріс

1. Акциялар шығару анықтамалығы 2-бөлімнің 12-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Қоғамда алқалы атқарушы орган – Басқарма.

1) Басқарма мүшелерінің әрқайсысының, оның ішінде Басқарма төрағасының тегі, аты, болған ретте – әкесінің аты, туған жылы;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың соңғы үш жылда және осы уақытта атқарған, оның ішінде – қоса атқарған қызметі, өкілеттігін және олардың қызметке кірген күнін көрсете отырып, хронологиялық тәртіпте;

(осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары бойынша мәліметтер мына кестеде келтірілген)

Т.А.Ә.	Туған жылы	Соңғы үш жылда және осы уақытта атқарған, оның ішінде – қоса атқарған қызметі, өкілеттігін және олардың қызметке кірген күнін көрсете отырып, хронологиялық тәртіпте
Басқарма төрағасы		
Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы	01.01.1953 ж.	09.2008 ж. – 03.2010 ж. – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; 06.2009 ж. – 5.10.2011 ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы; 10.10. 2011 ж. бастап – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы), Директорлар кеңесінің мүшесі. Басқарма төрағасының өкілеттігі: «ҚазТрансОйл» АҚ қызметіне Жарғыға сәйкес жалпы басшылықты жүзеге асырады және Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің алдында «ҚазТрансОйл» АҚ жұмысы үшін жауапты болады, «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасын басқарады, сондай-ақ акционері (қатысушысы) «ҚазТрансОйл» АҚ болып табылатын заңды тұлғаларға

		<p>қатысты «ҚазТрансОйл» АҚ-тың акционер (қатысушы) құқығын жүзеге асыру тәртібін айқындайды;</p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ-тың стратегиялық даму мәселелері;</p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ-тағы топтық басқару мәселелері;</p> <p>халықаралық ынтымақтастық мәселелері және инвестиция тарту;</p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ-тың сапа, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экология саласындағы жұмысына жалпы басшылық.</p>
Басқарма мүшелері:		
Өтеғалиев Сисенғали	09.06.1950 ж.	<p>06.2009 ж. – 03. 2012 ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндіру жобалары жөніндегі басшы менеджері;</p> <p>03.2012 ж. – 01.05.2012 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының орынбасары;</p> <p>2.05.2012 ж. бастап – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі бірінші орынбасары;</p> <p>16.03.2012 ж. – 22.05.2012 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі;</p> <p>23.05.2012 ж. бастап – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі.</p> <p>Бас директордың өндіріс жөніндегі бірінші орынбасарының өкілеттігі:</p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік-шаруашылық қызметі мәселелері;</p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ өндірісінің үздіксіздігін және өндірістік объектілерінің техникалық сенімділігін қамтамасыз ету;</p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік бағдарламасын әзірлеуді және оның орындалуын ұйымдастыру;</p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ магистральды құбырлары жүйелерін басқару мәселелері;</p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ-та еңбек қауіпсіздігін және еңбек қорғауды, экологияны басқару жүйесінің қызметін қамтамасыз ету;</p> <p>еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, экология бойынша ішкі бақылауды ұйымдастыру;</p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ қауіпті өндірістік объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті</p>

		<p>қамтамасыз етумен байланысты мәселелерді жалпы үйлестіру; «ҚазТрансОйл» АҚ магистральды құбырлары жүйелеріне техникалық аудит мәселелері; ақпараттық технологиялар мен коммуникациялар мәселелері; «ҚазТрансОйл» АҚ магистральды құбырлары объектілерін ізерлеу мәселелері; техникалық қадағалау және технологиялық мониторинг мәселелері; өзге заңды тұлғаларға қарайтын магистральды құбырларды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету мәселелері; «ҚазТрансОйл» АҚ инновациялық-технологиялық саясатын әзірлеу және іске асыру мәселелері; «ҚазТрансОйл» АҚ қызметін метрологиялық қамтамасыз ету, өлшемдер бірыңғайлығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру мәселелері; күрделі құрылыс және күрделі жөндеу мәселелері; «ҚазТрансОйл» АҚ мүлкін басқару мәселелері.</p>
<p>Илеуов Азиз Тоқшылықұлы</p>	<p>07.07.1970 ж.</p>	<p>10.2007 ж. – 08.2009 ж. – «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары; 02.2010 ж. – 02.2011 ж. – «ҚазМұнайГаз» Сауда үйі» АҚ бас директорының кеңесшісі; 02.2010 ж. – 05.2011 ж. – «Павлодар мұнай-химия зауыты» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 04.2011 ж. – 03.2012 ж. – «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының кеңесшісі; 03. 2012 ж. – 01.05.2012 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры; 2.05.2012 ж. бастап – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары; 18.04.2012 ж. – 22.05.2012 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі; 23.05.2012 ж. бастап – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі.</p>

		<p>Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасарының өкілеттігі: «ҚазТрансОйл» АҚ қаржы-экономикалық қызметінің тиімділігін және оның қаржылық жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері; бизнес жоспарлау, бюджеттік жоспарлау, бизнес жоспарлардың орындалуын бақылау, экономикалық талдау мәселелері; индикативтік жоспарлау мәселелері; капитал нарығында қаржыландыруды тарту мәселелері; тарифтік саясат және тариф қалыптастыру мәселелері; бухгалтерлік, салық, статистикалық есеп және есептілік мәселелері; «ҚазТрансОйл» АҚ және оның еншілес және бірлескен бақылаудағы ұйымдарының қаржы есептелігін, сондай-ақ ҚЕХС бойынша шоғырландырылған қаржы есептелігін дайындау және ұсыну мәселелері; ақша қаражатын тиімді басқару және төлемдер, аударымдар жүргізу мәселелері.</p>
<p>Отаров Болат Исатайұлы</p>	<p>23.02.1966 ж.</p>	<p>06. 2009 ж. – 01.05.2012 ж. - «ҚазТрансОйл» АҚ тасымалдау жөніндегі басқарушы директоры; 2.05.2012 ж. – 5.07.2012 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары; 20.09.2012 ж. бастап осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары; 20.02.2008 ж. – 22.05. 2012 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі; 23.05.2012 ж. бастап – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі. Бас директордың тасымалдау жөніндегі орынбасарының өкілеттігі: «ҚазТрансОйл» АҚ-тың мемлекеттік органдармен, мұнай тасымалдаушы және мұнай өндіруші компаниялармен мұнай тасымалдау мәселелері жөнінде өзара әрекеті мәселелері; «ҚазТрансОйл» АҚ, ТМД-ға қатысушы мемлекеттер және Балтық елдері магистральды мұнай құбырлары жүйесімен мұнай тасымалдау, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ суағызғылары</p>

		жүйесінен су беру мәселелері; көлік операцияларын (мұнай және су көлік ағындары) басқару мәселелері; мұнай сапасын басқару мәселелері; диспетчерлік басқару (мұнай айдау және су беру көлемдерін жедел басқару, мұнай және су қозғалысының теңгерімі) мәселелері.
Местоев Руслан Ахмедович	21.08.1973 ж.	06.2007 ж. – 09. 2008 ж. – «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ сатып алу жөніндегі атқарушы директоры, сатып алу жөніндегі басқарушы директоры; 10.2009 ж. – 11.2011 ж. – жергілікті қамту бойынша менеджер (Local Content Manager), Солтүстік Каспий жобасы аясында іссапарға жіберілген үйлестіруші, лауазым келісімшарттар бойынша аға инженер болып қайта аталды (Senior Contract Engineer); 11.2011 ж. – 01.05.2012 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ бизнесті қолдау жөніндегі басқарушы директоры; 2.05.2012 ж. – 8.07.2012 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ аппарат басшысы; 09.07.2012 ж. – 19.09.2012 ж. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары; 20.09.2012 ж. бастап – осы уақытқа дейін «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының бизнесті қолдау жөніндегі орынбасары; 9.12.2011 ж. – 22.05.2012 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі; 23.05.2012 ж. – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі. бас директорының бизнесті қолдау жөніндегі орынбасарының өкілеттігі: «ҚазТрансОйл» АҚ қажеттіліктерін кешенді және уақтылы қамтамасыз ету үдерісіне басшылық; «ҚазТрансОйл» АҚ қажеттіліктері үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; «ҚазТрансОйл» АҚ сатып алатын тауарларда, жұмыстарда және қызметтерде жергілікті қамтуға мониторингті және оны көтеруді қамтамасыз ету; «ҚазТрансОйл» АҚ маркетинг қызметі мәселелері;
Зәкіров	16.07.1976 ж.	02.2009 ж. – 05.2010 ж. –

<p>Болат Қалауияұлы</p>		<p>«КМГ-Транскаспий» ЖШС бас директорының орынбасары – Басқарма мүшесі; 05.2010 ж. – 10.2010 ж. – «КМГ-Транскаспий» ЖШС бас директоры (Басқарма төрағасы); 01.2012 ж. – 02.2012 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының кеңесшісі; 03.2012 ж. – 01.05.2012 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ өндіріс жөніндегі басқарушы директоры; 2.05.2012 ж. бастап – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының даму жөніндегі орынбасары; 16.03.2012 ж. – 22.05.2012 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі; 23.05.2012 ж. бастап – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі; «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры даму жөніндегі орынбасарының өкілеттігі: стратегиялық жоспарлау мәселелері; активтерді басқару мәселелері; топтық басқару мәселелері; «ҚазТрансОйл» АҚ инвестициялық қызметі мәселелері; Қазіргі бар және ықтимал инвесторлармен өзара әрекеттесу мәселелері; «ҚазТрансОйл» АҚ акциялары пакетін бағалы қағаздар нарығына («Халықтық IPO») шығару жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру, сондай-ақ олардың бағалы қағаздар нарығындағы одан арғы айналымын қолдау.</p>
<p>Исақов Жайдарман Өзімханұлы</p>	<p>29.10.1965 ж.</p>	<p>1.10.2002 ж. – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ заң департаментінің директоры; 23.05.2006 ж. – 22.05.2012 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі; 23.05.2012 ж. бастап – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ басқарма мүшесі. Заң департаменті директорының өкілеттігі: «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету; «ҚазТрансОйл» АҚ-қа үшінші тұлғалар таралынан кінәраттар (талап-арыздар) қоюдың алдын алу, қазіргі бар келіспеушіліктерді (кінәраттарды) сотқа дейін реттеу жөнінде құқықтық</p>

		шараларды қабылдау; «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің құқықтық мәселелерін қарау кезінде соттарда, сондай-ақ басқа ұйымдарда «ҚазТрансОйл» АҚ мүдделерін қорғау.
--	--	---

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген адамдарға тиесілі дауыс беруші акциялардың Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы:

Басқарма мүшелерінде Қоғамның акциялары жоқ. Пайыздық қатынасы - 0%.».

2. Акциялар шығару анықтамалығының 2-бөлімінің 14-тармағын келесідей редакцияда жазылсын:

«14. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы.

Осы тармақта көрсету қажет:

1) акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері;

2) акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны – 7 768 адам, оның ішінде филиалдар жұмыскерлері – 7 518 адам, өкілдіктері жұмысшылары – 45 адам;

3) акционерлік қоғамның акцияларын иеленетін акционерлік қоғамның қызметкерлерінің жалпы саны және олардың пайызбен орналастырылған акциялардың жалпы санындағы жиынтық үлесі – Қоғам қызметкерлері Қоғам акцияларын иемденбеген;

4) акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәлімет (тегі, аты, болған ретте – әкесінің аты, туған жылы);

5) филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәлімет (тегі, аты, болған ретте – әкесінің аты, туған жылы) көрсетілуі тиіс.

Осы тармақтың 1), 4) және 5) тармақшалары бойынша мәліметтер төменде келтірілген кестеде берілген:

№	Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің, оның ішінде Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері атаулары	Қоғам құрылымдық бөлімшелерінің, оның ішінде Қоғамның филиалдары мен өкілеттіктері басшыларының тегі, аты, болған ретте – әкесінің аты	Туған жылы
1.	Адам ресурстарын басқару департаменті	Серік Ишанбекұлы Ақбергенов	27.11.1977 ж.
2.	Баспасөз қызметі	Раиса Байғазықызы Самақова	14.01.1955 ж.
3.	Кеңсе	Шапағат Ақайқызы Ақаева	16.10.1954 ж.
4.	Заң департаменті	Жайдарман Өзімханұлы Исақов	29.10.1965 ж.
5.	Тасымалдау департаменті	Ерболат	12.11.1965 ж.

		Меңдібаев	
6.	Пайдалану департаменті	Сәбит Әбілдаұлы Арынов	29.06.1977 ж.
7.	Еңбекті қорғау және өндірістік бақылау департаменті	Абай Айтбайұлы Әбішев	17.04.1976 ж.
8.	Жобаларды басқару департаменті	Дулат Егімбайұлы Сембин	19.07.1954 ж.
9.	Телекоммуникация департаменті	Берік Серікбайұлы Жақсылықов	16.07.1973 ж.
10.	ТҮБАЖ және МҚ департаменті	Наталья Владимировна Попова	24.10.1961 ж.
11.	Бас диспетчерлік басқару	Көңілімшат Еділұлы Көшербаев	10.05.1966 ж.
12.	Стратегиялық жоспарлау және топтық даму департаменті	Татьяна Викторовна Юрьева	23.05.1969 ж.
13.	Материалдық-техникалық жабдықтау департаменті	Нұртай Ысмайылұлы Сәлімов	25.04.1965 ж.
14.	Келісімшарттар және жергілікті қамтуды дамыту департаменті	Арман Сағынбекұлы Тұрсынов	21.02.1982 ж.
15.	Тәуекелдерді басқару және ЫМЖ департаменті	Эльмира Мәлікқызы Исмағұлова	17.01.1967 ж.
16.	Қазынашылық	Маржан Жолдасқызы Момбаева	14.12.1971 ж.
17.	Орталық бухгалтерия	Алмаш Сүлейменқызы Ахмедина	02.12.1967 ж.
18.	Активтерді басқару және инвестициялық талдау департаменті	Жанна Валентиновна Крылова	05.04.1974 ж.
19.	Инвесторлармен байланыс қызметі (IR қызметі)	Алмаз Маратұлы Масалин	25.11.1966 ж.
20.	ҚЕХС есептілігін дайындау департаменті	Медина Қайроллақызы Сармағамбетова	05.09.1971 ж.
21.	Тарифтік реттеу департаменті	бос	
22.	Жоспарлау және экономикалық талдау департаменті	Мейрам Әлиәкпарұлы Есенеев	30.04.1977 ж.
23.	Топтық меншікті және ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету қызметі	Ринат Равильұлы Курамшин	09.03.1968 ж.
24.	Бақылау және ревизия қызметі	Алтынтаң Бақытқызы Дүйсембаева	15.05.1978 ж.
25.	АҚ, ТЖ және арнайы жұмыс тобы	Найл Сағитұлы Мүдәрісов	22.01.1959 ж.
26.	Орталық аппараттың операторлық қызметтер көрсету қызметі	Виталий Леонидович Табулевич	20.04.1970 ж.
27.	Әкімшілік департаменті	Сержан Бекдәулетұлы Дүйсепаев	04.07.1971 ж.
28.	Қоғамның Батыс филиалы	Фердинат Абдрахимович Мамонов	09.11.1947 ж.

29.	Қоғамның Шығыс филиалы	Жеңісбек Қожасұлы Лұқпанов	07.05.1967 ж.
30.	«ҚазТрансОйл» АҚ ҰПЕО» филиалы	Асқар Әбутәліпұлы Қайыпов	29.01.1963 ж.
31.	«ҚазТрансОйл» АҚ ҒТО» филиалы	Тимур Құбайысұлы Алдияров	29.05.1952 ж.
32.	Қоғамның Мәскеу қаласындағы өкілдігі	Сергей Николаевич Долгих	27.04.1956 ж.
33.	Қоғамның Самара қаласындағы өкілдігі	Елена Петровна Куватова	15.07.1957 ж.
34.	Қоғамның Омск қаласындағы өкілдігі	Владимир Владимирович Станишевский	03.07.1960 ж.
35.	Қоғамның Киев қаласындағы өкілдігі	Елена Анатольевна Краснокутская	04.04.1973 ж.

».

Бас директор
(Басқарма төрағасы)



Қ. Қабылдин

Бас бухгалтер

А. Ахмедина

Прошнуровано и пронумеровано
18.11.2012г. Листа (об)

Генеральный директор
(Председатель Правления)

К. Кабылдин



Қағаздың бухгалтер
А. Ахмедина

«Қарағанды облысының Қаржы қорғаныс және қаржы ұйымдарының бақылау маңындағы уәкілетті орган»
ТІРКЕДІ
2012 ж. « 12 қаңтар »